

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

Мақсаты: Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
 Балалардың тұлғалық дамуына бірлесе ықпал ету;
 Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар жиналысы: "Бала – біздің ортақ қуанышымыз"	Балабақша мен ата-ана арасындағы байланыс жолдарын талқылау	Қыркүйек	Топ тәрбиешісі
2	«Күзгі жәрмеңке» жалпы балабақшаішілік жәрмеңке өткізу	Балалардың еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа және достыққа тәрбиелеу; күзгі өнімдер мен табиғат байлығын танып-білу арқылы еңбектің қадірін түсіндіру, ұжымдық және ата-анамен бірлескен жұмысты нығайту.	Қазан	
3	Сауалнама: "Менің балам балабақшада"	Ата-аналардың пікірін анықтау, ұсыныстар жинау	Қараша	Психолог, тәрбиеші
4	«Қысқы достарға қамқорлық» акция	Қыста құстарға мейірімділік пен қамқорлық көрсетудің маңызын түсіндіру, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін арттыру, құстарды азықтандыру арқылы жануарларға қамқорлық жасау мәдениетін қалыптастыру.	Желтоқсан	
5	Отбасылық сурет көрмесі: "Менің отбасым"	Отбасылық құндылықтарды дәріптеу	Қаңтар	Тәрбиеші, ата-аналар
6	«Шебер қол – шексіз өнер» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	Балалар мен ата-аналардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, қолөнер арқылы шығармашылық және қолтық шеберлікті қалыптастыру.	Ақпан	Топ тәрбиешісі
7	Челлендж «Жүректен шыққан алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және	Тәрбиеленушілер, ата-аналар және педагогтер арасында алғыс айту мәдениетін қалыптастыру, жылы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты нығайту,	Наурыз	Топ тәрбиешісі

	педагогтердің қатысуымен)	позитивті эмоциялар мен достық сезімдерін дамыту.		
8	«Шын жүректен кітап сыйла» - Халықаралық балалар кітабы күні	Балаларға кітап оқу мәдениетін насихаттау, оқуға деген қызығушылықты арттыру, балалар арасында әдеби шығармашылық пен білімге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.	сәуір	Топ тәрбиешісі
9	«Әжем айтқан ертегілер» видео материал дайында	Қазақ халқының ауыз әдебиетін (ертегілерді) дәріптеу, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл мұра арқылы балалардың тіл байлығын дамыту және бойына адамгершілік, мейірімділік, еңбекқорлық сынды ұлттық құндылықтарды сіңіру.	сәуір	Топ тәрбиешісі
10	«Гүл өсірейік!» экобұрыш ұйымдастыру	Балаларға табиғатты сүю және қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы гүл өсіру дағдыларын үйрету.	Мамыр	Тәрбиеші, ата-аналар
11	«Жасыл әлем – біздің үйіміз» ата-аналармен бірлескен акция ұйымдастыру	Отбасы мүшелерін экологияны сақтау мен табиғатты қорғауға белсенді қатыстыру арқылы экологиялық сананы қалыптастыру және жасыл әлемді сақтау жөніндегі жауапкершілікті арттыру.	Мамыр	Топ тәрбиешісі

Күтілетін нәтиже: Балабақша мен ата-ана арасындағы байланыс нығаяды;
Ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысу белсенділігі артады;
Балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына оң әсер етеді;
Отбасында жылы, сенімді қарым-қатынас қалыптасады.